«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Усенова Нуржамал Есркеповнаның ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденуші Усенова Нуржамал Есркеповнаның ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басымдықтарына; Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі - білім және ғылым саласындағы адами капиталды дамыту, педагогикалық ғылымдарды жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бағытына, «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына; Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі - білім және ғылым саласындағы адами капиталды дамыту, педагогикалық ғылымдарды жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бағытына, «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына; ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылымның дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына толық сәйкес келеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. Диссертация «Бабырнама» жәдігерінің жанрлық қалыптасу табиғатын (автобиографиялық және мемуарлық синтезін), әдеби-көркемдік ерекшелігін, тілдік қабаттың статистикалық талдауын (30,60% түркі лексикасы т.б.) ғылыми негізде көрсетеді. Бұл зерттеу әдебиеттанудағы жанрлық, нарратологиялық және тарихи-көркемдік талдауды нақты дерекпен ұштастырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Мәтін құрылымы жүйелі, терминологиялық аппарат орнықты (нарратив, нарратология, нарратор, мемуар, хронотоп, характер, тарихи шындық ұғымдары анық берілген). Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			ұсынып отырған тұжырымдары салмақты, авторлық аналитикалық ой басым.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларын салыстырмалы-талдамалық аспектіде зерттеу түркі әдеби мұрасының ұлттық мәдени кеңістікте қабылдану, игерілу және интерпретациялану ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. «Бабырнаманың» жанрлық табиғатын айқындау, әдеби-көркемдік әлемі мен бейнелеу құралдарын талдау, тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасын қарастыру – қазақ әдебиеттану ғылымындағы теориялық және методологиялық мәселелерді нақты дерек негізінде толықтыруға ықпал етеді. Диссертациялық зерттеу ұлттық әдеби мұраны кешенді зерделеу қажеттілігімен, әдебиеттану ғылымындағы өзекті теориялық мәселелерді нақты материал негізінде қарастыруымен айқындалатын ғылыми маңызға ие.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәні мен ауқымын толық әрі жүйелі түрде ашып көрсетеді. Диссертацияда Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасы әдеби-теориялық тұрғыдан кешенді талдау нысаны ретінде қарастырылған. Зерттеу барысында туындының көркемдік құралдары, жанрлық табиғаты, тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасы секілді маңызды ғылыми мәселелер жүйелі түрде сараланып, олардың өзара байланысы терең пайымдалған. Диссертант шығарманың поэтикалық құрылымын, мазмұндық ерекшеліктерін және тарихи-әдеби контекстегі орнын ғылыми негізде талдап,
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			тұжырымдарын дәйекті дәлелдермен бекіткен.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнымен толық сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылған әр тұжырым диссертация тақырыбымен логикалық және мазмұндық тұрғыда тығыз байланысып, негізгі мақсатқа жетуге негізделген.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Бірінші тарауда «Бабырнаманың» қолжазбалары мен көшірмелері, әдебиеттану саласында зерттелуі, қазақ жазба әдебиетіндегі маңызы қарастырылса, екінші тарауда «Бабырнаманың» жанрлық табиғаты, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, әдеби-көркемдік әлемі айқындалған. Үшінші тарауда «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешім, тарихи тұлғалар бейнесі, баяндау мен диалогтің қызметі мәселелері зерттелгендіктен тараулар арасындағы логикалық байланыс сақталған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, нақты мысалдармен бекітіледі, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен сыни тұрғыдан салыстырып бағаланған. Бұған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдау анық көрінеді. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертант Усенова Нуржамал Есркеповнаның зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа.
		1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының шығармашылық бағыт-ұстанымдары мен тәржімелеу ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сараланып, қорытындылар жасалған; 2. «Бабырнама» әдебиеттану аспектісінде кешенді қарастырылып, оның көркемдік жүйесі, жанрлық табиғаты және бейнелеу құралдары негізінде әдеби-көркемдік ерекшеліктері айқындалған; 3. Автордың кейіпкер портретін сомдаудағы психологиялық пайымдаулары мен мінез-құлықты ашуда қолданған көркемдік тәсілдері талданған; 4. Тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы ғылыми тұрғыда сараланған; 5. Туындыдағы баяндау құрылымы, кейіпкер диалогін ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер арнайы қарастырылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа. Зерттеу жұмыста «Бабырнаманың» поэтикалық жүйесі, әдеби-көркемдік әлемі сараланған. Қорытындылар бұрынғы тұжырымдарды тереңдеткендіктен, жаңа теория құрмайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыс гуманитарлық бағытта, техникалық немесе басқарушылық шешімдер ұсынбайды.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген. Тілдік статистика, жанрлық талдау, портреттік сипаттама теориялық деректермен бекітілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында 5 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала жарияланған. Халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 1 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, нарративтік элементтерді талдау мақсатында құрылымдық-семантикалық талдау әдісі, герменевтикалық әдіс сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу нысанына тән арнайы талдау тәсілдері де қамтылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау, статистикалық есеп әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**жоқ** (эксперименттік зерттеу емес)
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / **ішінара расталған** / расталмаған.	**ішінара расталған** (сілтемелер бар, бірақ кей тұста жалпылама)
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 169 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда әдебиеттану және орта ғасыр әдебиетінің зерттеулер қатарын толықтыра алады. Орта және жоғары мектептегі әдеби білім берудің теориялық-әдіснамалық дамуына елеулі үлес қосады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Нәтижелерді ЖОО ұйымдарында әдебиеттану, түркітану, тарихи поэтика курстарында теориялық әрі практикалық материал ретінде қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары. Зерттеу жұмысы жазба ескерткіштерді талдау дәстүрін жалғастырып қана қоймай, бірегей дереккөзді зерттеудегі олқылықтардың орнын толтырады. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Терминологиялық дәлдік, академиялық стиль, жүйелілік сақталған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер	- Салыстырмалы әдеби шолу бөлімі кеңейтілсе ғылыми салмағы арта түсер еді. - Полемикалық талдау элементтері күшейтілуі қажет. - Кей тұста қайталама анықтамалар кездеседі
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу жұмысы барысында 5 мақала жарық көрген. 1. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1. Transition from Autobiography to Memoir in «Babur-nama» // Asiatic: IIUM Journal of English Language and Literature. – 2024. – No. 2, Volum 18. – pp. 155-172. Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала. 1. «Бабырнама» шығармасындағы тарихи шындық және фольклорлық негіздер // «Керуен» ғылыми журналы. – 2023 ж. – №2, 79-том. – 29-42 бб. 2. Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары // «Керуен» ғылыми журналы. – 2024 ж. – №2, 83-том. – 270-284 бб. 3. «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар бейнесі // «Керуен» ғылыми журналы. – 2025. – № 1, 86-том. – 45-58 бб. Халықаралық конференция материалдарының жинақтарында – 1 мақала. «Бабырнама» және Бабыр мұратындағы саяси сана // «Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары» халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы. – Қарағанды, 28-29 қараша 2022. – 15-20 бб. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Усенова Нуржамал Есркеповнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доцент м.а., PhD доктор **Сұлтан Е.**